

## "Еуразиялық банк" АҚ төлем карточкаларының ұстаушылары - жеке тұлғалар үшін "Бейілділік" науқанын өткізу ережелері

### 1. Негізгі ережелер

1.1. Осы "Еуразиялық банк" АҚ төлем карточкаларын ұстаушылар - жеке тұлғалар үшін "Бейілділік" науқанын өткізу талаптары (бұдан әрі – Талаптар) Науқанды өткізу тәртібін және мерзімдерін айқындайды.

1.2. Науқанды "Еуразиялық банк" АҚ (бұдан әрі - Банк) өткізеді.

1.3. Науқанның іске қосылуы, тоқтатылуы және Талаптарының өзгертілуі туралы шешім Банктің Уәкілетті органымен қабылданады.

1.4. Науқанды өткізу кезеңі: егер Банктің Уәкілетті органының Науқанның қолданылуын тоқтату туралы шешімі қабылданбаған болса, келесі күнтізбелік жылға жыл сайын автоматты түрде ұзартыла отырып, 2020 жылғы "12" мамырдан бастап 2020 жылғы "31" желтоқсанға дейін (осыны қоса алғанда).

1.5. Осы Талаптарда пайдаланылатын жалпы түсініктер.

**Науқан**— Банктің клиенттерінің бейілділігін сақтауға, сондай-ақ "Еуразиялық банк" АҚ шығарған төлем карточкаларын пайдаланумен қолма-қол ақшасыз операцияларды ынталандыруға, депозиттік базаны арттыруға, кредиттерді және жаңа төлем карточкаларын ашуға бағытталған науқан.

**Бонус**— Науқанға Қатысушы осы Талаптардың шарттарын қанағаттандыратын белсенділікті жүзеге асырған кезде Банктің өз қаражаты есебінен Науқанға Қатысушыға берілетін шартты бірлік. Бонустар Науқан Қатысушысының арнайы Бонустық шотында жиналады. Бонус мөлшері Банктің уәкілетті тұлғасының шешімімен белгіленеді.

1 POS-терминалдарды және E-Com пайдаланумен жұмсау операциялары үшін 1 Бонус (BNS) 1 теңгеге (KZT) тең.

**Бонустық шот** - Бонустарды есептеуді/жұмсауды есепке алуға арналған Науқан Қатысушысына Банк ашатын арнайы шот.

**Транзакция күні** — Науқан Қатысушысының төлем карточкасының және интернет-банкинг көмегімен тауарлар мен қызметтер үшін төлеу бойынша транзакцияларды жасау күні.

**Интернет-банкинг немесе Smartbank** — Науқан Қатысушысының банктік шоттарына қашықтықтан қол жеткізуге арналған банктік жүйе (<https://my.smartbank.kz>).

**Кешбэк** — Банктің Уәкілетті тұлғасының шешімімен және Талаптарымен белгіленген мөлшерде және тәртіпте сатып алу құнының бір бөлігін қайтару. Кешбэк бонустық шотқа Бонустар түрінде есептеледі.

**Серіктес** — Науқан Қатысушысына серіктестің сауда-сервистік кәсіпорындарында артықшылықтарды (тауарларға/қызметтерге жеңілдіктер, бонустардың ұлғайтылған мөлшері және т.б.) алуға рұқсат беретін және Науқан аясында Банкпен ынтымақтастық туралы шартын жасаған ұйым.

**Транзакция** — Нәтижелері бойынша Банкпен бонустарды есептеу жүзеге асырылатын Науқанның Қатысушысының белсенділігі, оның ішінде Банктің ресурстарындағы шығыс

операциялары, депозиттерді ашу, кредиттерді алу, тауарлар мен қызметтер үшін ақы төлеу операциялары, төлем карточкасын пайдаланумен ағымдағы шоттарда қаражатты сақтау.

**Науқанның талаптары** — басталуы Банктің осы Талаптарда және Банктің уәкілетті тұлғасының шешімінде айқындалған мөлшерде және тәртіппен Науқанға Қатысушының бонустық шотына бонустарды есептеу міндеттемесіне әкеп соғатын оқиғалар.

**Банктің Уәкілетті тұлғасы** – Банктің Цифрлық банк блогына жетекшілік ететін және келесі өкілеттіктерді жүзеге асыратын (клиенттік тәжірибе бойынша басқарушы директормен алдын ала келісе отырып) лауазымды тұлғасы:

- Бонустардың мөлшерлемелерін белгілеу;
- айына Бонустардың ең жоғары жиынтық сомасының мөлшерін белгілеу/өзгерту;
- Науқан талаптарын теріс пайдалану тізбесін толықтыру;
- Серіктестермен шарттарды жасасу/бұзу және/немесе жасалған шарттар шеңберінде Науқанның жеке талаптарын ұсыну қажеттілігі туралы, сондай-ақ Науқан бойынша Банктің серіктестерімен біржолғы бағдарламаларды өткізу қажеттілігі туралы шешімдер қабылдау;
- Науқан талаптарын теріс пайдаланудың анықталуына байланысты Науқанға Қатысушыны алып тастау туралы шешім қабылдау;
- Сүйікті санатты алып тастау/толықтыру туралы шешім қабылдау.

**Уәкілетті орган** — Науқанды іске қосу, тоқтату және Талаптарын өзгерту туралы шешімді қабылдауға уәкілдік берілген Банктің алқалы органы.

**Науқанның қатысушысы\*** - 18 жасқа толған Қазақстан Республикасының резиденті/бейрезиденті болып табылатын жеке тұлға, атап айтқанда Науқанның талаптарына сәйкес келетін белсенділікті жасаған VISA/MasterCard төлем карточкасының ұстаушысы.

**E-com** — төлем карточкасын пайдаланумен интернетте жасалған тауарлар мен қызметтер ақысын төлеу бойынша шығыс операция. Бұл белгі транзакцияның қалған анықтаушыларымен бірге халықаралық төлем жүйесімен беріледі.

**MCC (Merchant Category Code)** — тауарлық-сервистік кәсіпорындарды олардың қызметінің түрі бойынша жіктеу үшін сауда орны түрінің коды. Бұл код сауда-сервистік кәсіпорынға Эквайер-банкпен беріледі.

**POS-терминал** — төлем карточкаларын төлеуге қабылдау үшін қажетті электронды құрылғы.

**Retail-транзакция** — сауда-сервистік кәсіпорындардың POS-терминалдары желісінде төлем карточкаларды пайдаланумен және интернет-дүкендерде E-com-операциялары арқылы тауарлар мен қызметтер үшін ақыны төлеу бойынша шығыс операция.

**Сүйікті санат** - Бонустық шот опциясы, ол Науқан қатысушысына Интернет-банкингте және Smartbank-те қосылуға, белгілі бір сауда және сервис пункттерінде ұлғайтылған бонустарды алу мүмкіндігін береді.

## 2. Жалпы талаптар

### 2.1. Науқанның мәні:

#### 2.1.1. Науқанға Қатысушыға Бонустарды Бонустық шотқа аудару.

2.1.2. Науқанға Қатысушының Бонустарды пайдалануы (жұмсауы).

2.2. Науқанда жүргізу күні Науқанды өткізу кезеңіне келетін және Науқанның талаптарына сәйкес келетін әр операция қатысады.

2.3. Науқанға қатысатын есептелетін Бонустардың саны мен транзакциялардың түрлері Банктің Уәкілетті тұлғасының шешімімен айқындалады, өзге транзакциялар Науқанға қатыспайды.

### **3. Қатысу тәртiбi**

3.1. Науқанның Қатысушысы атану үшін келесі әрекеттерді жасау қажет:

3.1.1. Төлем карточкасын пайдаланумен ағымдағы шотты ашу немесе Науқанды өткізу сәтінде төлем карточкасын пайдаланумен ағымдағы шоттың бар болуы.

3.1.2. Науқанды өткізу кезеңі ішінде Науқанның Талаптарына сәйкес келетін кез келген транзакцияны жасау. Барлық жеке тұлғалар, атап айтқанда Науқанның Талаптарына сәйкес келетін төлем карточкалардың ұстаушылары автоматты түрде Науқанның Қатысушылары атанады. Науқанның Қатысушылары Науқанға қатысуға және осы Талаптарды сақтауға өз келісімін береді.

3.2. Банк Науқанның Қатысушысына Бонустық шотты автоматты түрде ашады.

3.3. Бонустық шот бойынша қалдықты және қозғалысты (кірісті/шығысты) Интернет-банкингте/Smartbank-та қарауға болады.

3.4. "Сүйікті санатты орнату кезінде бонус" талабы бойынша ұлғайтылған бонустарды алу үшін Науқан Қатысушысы Интернет-банкингтегі / Smartbank-тағы "Сүйікті санаттар" бөліміндегі Бонустық шоттың тиісті опциясын қосу қажет.

### **4. Бонустарды есептеу тәртiбi**

4.1. Есептелетін Бонустардың сомасы Банкімен Науқанның Талаптарына сәйкес келетін транзакцияларды өңдеу фактісі бойынша есептеледі және 3 (үш) жұмыс күн ішінде Бонустық шотта көрсетілетін болады.

4.2. Бонустардың сомасы бүтін санның жүздік үлестеріне дейін аз жағына қарай ықшамдалады, сосын осы сома Науқанның қатысушысына есептеледі.

4.3. Сатып алу операциясы болдырылмаған (қайтарылған) жағдайда Бонустық шоттағы қалдықтың мөлшері қайтарылған операцияның Бонустарының сомасына азайтылады.

4.4. Банк өз қалауынша, Науқанның Талаптарынан тыс кезде де Бонустық шотқа қосымша Бонустарды акцептісіз тәртіпте есептеуге құқылы. Қосымша есептелген Бонустардың мақсаты Интернет-банкингтегі/Smartbank-тағы Бонустық шот бойынша үзінді-көшірмеде көрсетіледі.

4.5. Қосымша карточкалар бойынша Бонустарды есептеу төлем карточкасының негізгі ұстаушының бонустық шотына жүзеге асырылады.

4.6. Клиент тиісті тапсырманы жойған немесе оның орындалуын уақытша тоқтатқан жағдайларда, сондай-ақ келесі операцияларды өткізген кезде бонустар есептелмейді:

- қолма-қол ақшаны алу (оның ішінде банкомат арқылы немесе қолма-қол ақшаны беру орны арқылы);

- ақшаны төлем карточкасын пайдаланумен ағымдағы шотқа есепке алу;

- таурлар/қызметтер үшін төлеуге қатысты бұрын есептен шығарылған ақшаны төлем карточкасын пайдаланумен ағымдағы шотқа қайтару;

- жол чектерін сатып алу, сондай-ақ ақшаның баламаларын сатып алу (крипто валюта, электронды валюта және т.б.);

- шетел валютасын сатып алу және шетел валютасын сатып алуға қатысты комиссияларды төлеу;

- мөлшерлемелерді және бәстерді, лотерея билеттерін, жүлделердің ұтыс ойынындарына қатысу құқықтарын немесе басқа ынталандыруларды төлеу;

- ақшаны аудару;

- тиісті шарт бойынша ҚР екінші деңгейлі банктер алдындағы берешекті төлеу;
- клиенттің шотына салынған шектеулер/тыйымдар бар болған кезде. Қолданыстағы заңнаманың негізінде, уәкілетті органдарды, екінші деңгейлі банктерді, сот орындаушыларды қоса, бірақ олармен шектелмей салынған;
- бизнес қызметтер мен В2В сервистері үшін төлеу;
- электронды әмияндарды толықтыру;
- телекоммуникациялық жабдықтарды сатып алу, телефонмен сатуды қосқанда;
- жарнамалық қызметтер үшін төлеу;
- ломбардтарда төлеу;
- сот орындаушылардың қызметтері үшін ақыны және/немесе сот қызметтерін/баждарды төлеу.

## **5. Бонустарды пайдалану тәртібі**

- 5.1. Есептелген Бонустарды пайдалану (жұмсау) талаптары №1 қосымшамен анықталады;
- 5.2. Банктің бұрын әрекет еткен науқандары бойынша есептелген бонустар ағымдағы Науқанның шеңберінде де пайдаланылуға (жұмсалуға) қолжетімді.
- 5.3. Есептелген бонустардың қолданылу мерзімі – 12 ай. Пайдаланылмаған бонустар олардың бонустық шотқа есептелген күннен бастап 12 айдан кейін есептен шығарылады.
- 5.4. Клиент тиісті тапсырманы жойған немесе оның орындалуын уақытша тоқтатқан жағдайларда, сондай-ақ келесі операцияларды өткізген кезде есептелген бонустарды пайдалануға жол берілмейді:
  - қолма-қол ақшаны алу (оның ішінде банкомат арқылы немесе қолма-қол ақшаны беру орны арқылы);
  - таурлар/қызметтер үшін төлеуге қатысты бұрын есептен шығарылған ақшаны төлем карточкасын пайдаланумен ағымдағы шотқа қайтару;
  - жол чектерін сатып алу, сондай-ақ ақшаның баламаларын сатып алу (крипто валюта, электронды валюта және т.б.);
  - шетел валютасын сатып алу және шетел валютасын сатып алуға қатысты комиссияларды төлеу;
  - мөлшерлемелерді және бәстерді, лотерея билеттерін, жүлделердің ұтыс ойынындарына қатысу құқықтарын немесе басқа ынталандыруларды төлеу;
  - ақшаны аудару;
  - тиісті шарт бойынша ҚР екінші деңгейлі банктер алдындағы берешекті төлеу;
  - клиенттің шотына салынған шектеулер/тыйымдар бар болған кезде. Қолданыстағы заңнаманың негізінде, уәкілетті органдарды, екінші деңгейлі банктерді, сот орындаушыларды қоса, бірақ олармен шектелмей салынған;
  - бизнес қызметтер мен В2В сервистері үшін төлеу;
  - электронды әмияндарды толықтыру;
  - телекоммуникациялық жабдықтарды сатып алу, телефонмен сатуды қосқанда;
  - жарнамалық қызметтер үшін төлеу;
  - ломбардтарда төлеу;
  - сот орындаушылардың қызметтері үшін ақыны және/немесе сот қызметтерін/баждарды төлеу.

## **6. Науқанның басқа талаптары**

- 6.1. Науқанның Қатысушысының Науқанның әрекет ету кезеңі ішінде Бонустарды есептеуге байланысты кез келген наразылығы бойынша Банктің Науқанның талаптарын бұзу үшін Науқанның Қатысушысының алдындағы жауапкершілігі Науқанның Қатысушысымен таласты транзакция бойынша Бонустардың тиісті сомасын есептеумен

шектеледі. Банк даулы транзакция бойынша тергеу аяқталғанға дейін Клиентке тиісті бонустарды есептеуден/пайдаланудан бас тартуға (бонустарды оқшаулауға) құқылы.

6.2. Банк Науқанның жаңа редакциясының/Банктің уәкілетті тұлғасының шешімінің электрондық нұсқасын корпоративтік сайтта ([www.eubank.kz](http://www.eubank.kz)) орналастыру және/немесе Банктің Уәкілетті тұлғасы тиісті шешім қабылдаған күннен бастап келесі жұмыс күнінен кешкігірмей немесе Банктің Уәкілетті органы жаңа редакциядағы талаптарды бекіткеннен кейін тиісті шешім бекітілген/қабылданған күннен бастап кемінде күнтізбелік 7 (жеті) күннен кейін күшіне енетін Науқанға Қатысушыларды SMS-хабарландыру арқылы (Банктің қалауы бойынша) бұл туралы Науқанға қатысушыларды хабардар ете отырып, науқан талаптарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы.

6.3. Науқанға қатысу арқылы Науқанның Қатысушысы Науқанның талаптарына өзгертулерді және толықтыруларды өздігінен қадағалауға келісімін береді. Осы Талаптардың жаңа редакциясы/Банктің уәкілетті тұлғасының шешімі күшіне енгеннен кейін Науқанға Қатысушының Науқан талаптарын қанағаттандыратын транзакциялар жасауы Науқанға Қатысушының Науқанның жаңа талаптарымен келісуінің растауы болып табылады.

6.4. Банк Науқанға Қатысушыны ескертусіз және кез келген себеп бойынша, оның ішінде Науқанның Қатысушысы Науқанның талаптарын сақтамаса және/немесе оларды теріс пайдаланған кезде\*\* Науқанның Қатысушылары қатарынан шығаруға құқылы.

6.5. Банк келесі жағдайларда алдын ала хабардар етпестен Клиенттің Науқанға қатысуын біржақты тәртіппен тоқтата тұруға, шектеуге, сондай-ақ тоқтатуға құқылы:

- Банкте Науқанды кәсіпкерлік қызметті, оның ішінде туристік қызметті жүргізу мақсатында пайдалануды санауға негіз болған жағдайда;

- Клиент Қазақстан Республикасының заңнамасын және/немесе "Еуразиялық банк" АҚ-тың банктік және өзге де қызметтерді көрсетудің стандартты талаптары шеңберінде Клиент қабылдаған міндеттемелерді бұзған жағдайда, оның ішінде Қосылу шарты бойынша мерзімі өткен берешегі болған жағдайда;

- басқа жағдайларда Банктің қалауы бойынша.

6.6. Банк Клиентке ол үшін Бонустар есептелген операцияның жасалғанын растайтын чектерді / өзге де құжаттарды беру туралы сұрау салуға құқылы. Клиент көрсетілген құжаттарды Банкке бермеген жағдайда, Банк Клиентке тиісті операция үшін бонустар есептеуден бас тартуға құқылы.

6.7. Банк халықаралық төлем жүйелерінен деректерді табыстаудың және транзакцияның басқа белгілерінің (мысалы: МСС коды, электронды коммерция белгісі және т.б.) дұрыстылығы үшін жауапкершілікте болмайды және Бонустарды алынған ақпаратқа сәйкес ешқандай өзгеріссіз есептейді.

6.8. . Бонустарды есептеу бойынша оқиғалар қатысатын есептеудің барлық ережелері үшін (мысалы депозитті сақтау, кредитті алу және т.б. үшін бонус), Банк алаяқтық әрекеттерді болдырмау және бейілділік бағдарламасын теріс пайдаланбау мақсатында оқиға (кредитті беру, депозитті толықтыру) орын алғаннан кейін 3-ші жұмыс күнінде оқиғаны өңдейді. Осындай оқиғалар бойынша Науқан Қатысушысы бонустарды Банк өңдегеннен кейін ғана алады.

6.9. Банк бір жақты тәртіпте Сүйікті санаттарды қосуға/алып тастауға, Сүйікті санаттардағы бонустардың мөлшерін және/немесе оларды есептеу шарттарын өзгертуге, Науқан Талаптарына сауда және сервис пункттерін қосуға/алып тастауға құқылы.

\*Барлық мәмілелер (жинақ шотын ашу, қарыз шартын жасасу, төлем карточкасын шығару) Банктің ІНҚ-да көзделген (банк бөлімшелерінің қажетті қорытындыларын алу, Банкпен ерекше қатынастармен байланыстылығын тексеру, кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі талаптардың сақталуын тексеру, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері мен басқа да нормативтік құжаттары шеңберінде өзге де тексерулер) "Еуразиялық банк" АҚ-тың банктік және өзге де қызметтерін ұсынуының стандартты талаптарында жасалады.

\*\* Науқанның талаптарын теріс пайдалану – Науқанның Қатысушысының (Банктің пікірі бойынша) Науқанды өткізу Талаптарын бұзатын әрекеттері, Науқанды өткізу Талаптарын және оның талаптарын сақтамау, алаяқтық әрекеттерін жасау, Науқанның аясында берілетін қайсыбір артықшылықтарды/ынталандыруды теріс пайдалану, Банктің Серіктестеріне жаңылыстыратын ақпаратты немесе қате деректерді ұсыну.

Егер Банкте клиенттің ақшасымен және (немесе) өзге мүлкімен операциялар Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және (немесе) терроризмді қаржыландыруға (немесе қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл ретінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жіктелетін басқа да әрекеттерге және терроризмді қаржыландыруға) байланысты деп пайымдауға негіз болса, Банк қызметкерлерінің одан кейінгі әрекеттері Банктің ішкі нормативтік құжаттарының және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Қосымша, осы Талаптар шеңберінде Банк мынадай оқиғаларды Науқан талаптарын теріс пайдалану деп таниды:

- Корпоративтік қажеттіліктерге тауарларды және/немесе қызметтерді Клиенттің жеке төлем карточкасынан күнделікті, мерзімдік сатып алу;
- Супермаркеттерде, электроника дүкендерінде және басқа сауда нүктелерінде тауарларды көтерме, күнделікті, мерзімді сатып алу;
- Ұлғайтылған Бонустарды алу мақсатында ритейл ретінде бүркемеленген Клиенттің төлем карточкалары бойынша аударым операцияларын орындау;
- Клиенттің төлем карточкасын пайдалана отырып, ағымдағы шоттағы ақша қалдығы үшін Бонустарды есептеу бойынша шектеулерді айналып өту үшін өз атына көптеген төлем карточкаларын ашуы;
- Клиенттің төлем карточкаларын пайдалана отырып, өз қажеттіліктері үшін жаппай, күнделікті, мерзімді сатып алу, атап айтқанда әуе және т/ж билеттерін сатып алу;
- Тауарларды жаппай, күнделікті, мерзімді сатып алу, Клиенттің төлем карточкаларын пайдалана отырып, шетелдік интернет-сайттарда өз қажеттіліктері үшін емес сатып алу;
- Ойын интернет сайттарында, виртуалды онлайн казино, букмекерлік кеңсе, крипто валютасын сату бойынша интернет платформалар, QiWI, PayPal, Web Money виртуалды әмияндарын және олардың аналогтарын толтыру арқылы Клиенттің төлем карточкаларын пайдалана отырып, күнделікті, мерзімді сатып алу;
- Телефон балансын толтыру.

2-қосымша. "Еуразиялық банк" АҚ төлем карточкаларын ұстаушылары үшін "Бейілділік" науқаны бойынша бонустарды есептеу мөлшерлемелері